

Ж.Ж.Жарылғапов, А.А.Мирзахметов

Романтизм в современной казахской прозе

Проблемы, связанные с поэтикой романтизма, ее эволюцией, типологией романтических жанров в их развитии, изучением поэтической системы отдельного романтического произведения, привлекают особое внимание исследователей современного казахского литературоведения. В литературоведении XX века было изжито представление о «неполноценности» романтизма как художественного метода. Конкретно-историческое изучение романтизма как сложного, целостного историко-литературного явления соединяется с историко-типологическими исследованиями, изучается романтизм в контексте европейского, а вернее, мирового историко-литературного процесса с учетом его новаторства, эволюции, различных типов романтизма, их соотношения с предшествующими и последующими периодами литературного развития.

Zh.Zh.Zharylgapov, A.A.Mirzahmetov

Romanticism in modern Kazakh prose

The problems connected with poetics of romanticism, its evolution, typology of romantic genres in their development, study of poetic system of separate romantic work draw more and more steadfast attention of modern Kazakh literary criticism. The literature of the XX-th century eliminated the notion about deficiency of romanticism as a literary method. Concrete historical study of romanticism as a complex, cohesive literary-historical phenomenon is connected with the historical and typological studies, romanticism is studied in the context of European, exactly, within the world's literary-historical processes based on its innovation, evolution, and different types of romanticism, their interrelation with the preceding and subsequent periods of literary development.

ӘОЖ 82(091):821.512.122

С.Б.Жұмағұл, Е.Сармурзин

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: nuray28@mail.ru)

XX ғасыр соңындағы алаштану ілімі (1988–1991 жылдардағы зерттеулер негізінде)

Мақалада XX ғасыр соңындағы қазақ әдебиеттануындағы күрделі өзгерістер Алаш әдебиеті тұлғаларының зерттелуі тұрғысынан қарастырылды, атап айтқанда, Алаш интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің еңбектері негізге алынды. Аталмыш бағыт өкілдерінің әдеби және ғылыми мұраларын зерттеудегі басты қадамдар анықталып, белгіленді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің күйреуімен сабақтас Алаш арыстарының әдеби және ғылыми мұрасын зерттеудегі маңызды қадамдар анықталып, сол кездегі қазақ әдебиетінің «алтын» бағыты болып табылатын Алаштану ілімінің ғылыми бағыт-бағдары талданды.

Кілтті сөздер: алаштану, XX ғасыр соңындағы қазақ әдебиеті, әдебиеттану, әдеби мұра, Алаш арыстары, тоталитарлық жүйе, Алаш мұрасы, қазақ әдебиеті.

Қайта құру мен жариялылық талабына сай СОКП ОК «30–40-жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында орын алған репрессиялармен байланысты материалдарды қосымша зерттеу туралы СОКП ОК Саяси бюросының комиссиясын құру туралы» (1987.28.IX), «Заңсыз қуғын-сүргін, репрессиялар құрбандарына ескерткіш орнату туралы» (1988.4.VII), «30–40-жылдар және 50-жылдар басында заңсыз репрессияланған тұлғаларды ақтаумен байланысты жұмыстарды аяқтауға қатысты қосымша іс-шаралар туралы» (1988.11.VII), «30–40-жылдар кезеңі және 50-жылдар басында орын алған репрессияларда құрбан болғандарға қатысты әділдікті орнатуға байланысты қосымша іс-шаралар туралы» (1989.5.I) бірнеше Қаулы қабылдады [1]. Ал «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30–40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан

Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындысы» [«Қ.Ә».1989.15.XII], «ВКП (б) Қазақ өлкелік комитеті, Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 20–40-шы жылдар мен 50-ші жылдардың басында идеология, тарих және республиканың тарих ғылымы мәселелері бойынша қабылдаған кейбір қаулылары туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеологиялық Комиссиясының қорытындысы» [«Қазақстан коммунисті», 1991, № 10] қазақ ұлтының да тұтас рухани әлемін шарпыған тоталитаризм зардабына үңілдірді. Ол кеңестік идеологияның күштеп танған санадағы үрей мен құлдық психологиядан арылуға серпін беріп, рухани азаттыққа бастады.

XX ғасырдың соңғы ширегі тоталитарлық жүйе қысымындағы саяси-әлеуметтік өмірдің тарихи шындығын түбірлі қалпына келтірудегі түбегейлі өзгеріске толы кезең болды. Ол отандық әдебиеттануға әміршіл-әкімшіл саяси идеология зардабын шеккен ұлттық құндылықтардың болмыс-бітімін тұтастықта ашуға, кешенді қарастыруға мүмкіндік берді. Оған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» [«Қ.Ә», 1988, 15.IV], «Қазақ ССР Прокуратурасында» [«Қ.Ә», 1988, 23. XII], «Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде: Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» [Қ.Ә, 1989, 6.I], «Міржақып (Мир-Якуб) Дулатов» [«Қ.Ә», 1989, 28.VII] және әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 1930–40 жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған идеологиялық қаулы-қарарлардың күшін жоюы түбегейлі жол ашты [«Қ.Ә», 1989, 15.XII].

Сталинизмнен өрістеген тарихтың «ақтаңдақтар» атанған ауыр зардаптарын объективті тануға соны серпін берген аталған құжаттар фольклорлық мұралардан бастап, XIX ғасыр және XX ғасыр басындағы ұлт әдебиетінің айтулы тұлғаларының мұрасын жариялау және зерттеуді отандық ғылымның басты нысаны, өзекті мәселесі етіп қойды. Тарихи мәні зор құжаттарда: «Шәкәрімнің әдеби творчествосы идеялық-тақырыптық мазмұнының ауқымдылығымен, әсерлі де көркемдік қуатының молдығымен ерекшеленеді. Жалпы алғанда оның творчестволық мұрасы мол да, мағыналы және ол XIX және XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен ерекше орын алады. Бұл мұра ұзақ жылдардағы «үнсіздік» пен нақақ жаладан кейін халыққа оралуға тиіс» [2], «Қазақстандағы Алаш буржуазиялық-ұлтшылдық партиясы мен Алашорда үкіметінің басшыларына кешірім жасау туралы Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылғы 4 апрельдегі шешіміне қарамастан, белгілі әдебиетшілер М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, сондай-ақ Ж.Аймауытов 1930 және 1937–38 жылдары социалистік заңдылықтардың тым өрескел бұзылуы жағдайында негізсіз қылмысты жазаға тартылып, контрреволюциялық антисоветтік қызметпен айналыпты-мыс деген желеумен өлім жазасына кесілген болатын. Биыл Қазақ ССР Прокуроры республика Жоғарғы сотының сот коллегиясына үкімді жоюды және аталған адамдардың әрекеттерінде қылмыс құрамының болмауы себепті олар жөніндегі істі тоқтатуды талап еткен наразылықтар енгізген еді. Қазақ ССР Жоғарғы соты наразылықтарды республика прокурорының қатысуымен қарай келіп, оларды толық көлемінде қанағаттандырды. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев және Ж.Аймауытов жөніндегі істер тоқтатылып, олар ақталды» [3], «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің комиссиясы жеке адамға табыну кезінде жазықсыз жазаға ұшыраған және социалистік заңдылықты бұрмалаудың құрбаны болған М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметі жөніндегі тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру қажет деп санайды» [4] деп атап көрсетілді. Ал, М.Дулатұлына қатысты қаулыда Амангелді өліміне Алаш қайраткерлері, соның ішінде Міржақып тікелей айыпты деген саяси догмаға құралған тарихи деректер терістелді: «Шындығына келсек, мұның өзі документтердің де, көзкөргендердің куәлігімен де дәлелденбеген. Сөйте тұра мұнан кейінгі жылдарда да публицистика, тарихи және көркем әдебиет, жеткілікті болмаса да, Алашорданың басшылық етуімен халыққа қарсы жасалған қиянаттың бәрін оның бір басына жапсыра бергендігі де анық. М.Дулатовтың аса бай шығармаларының мұрасына теріс көзқарастың қалыптасуына осындай пиғыл қатты әсер етті» [5].

Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша қабылданған қаулы-қарарлардың күшін жоюы XIX ғасырдағы орыс отаршылдығын батыл әшкерлеп, еркіндігінен айрылған халық қайғы-зарын жырлаған «зар заман» ақындары мұрасын, екіншіден, ұлт азаттығына негізделген азаматтық ұстанымы, өнердегі эстетикалық мұрат-мақсаты кеңестік саясатпен мүлде үйлеспейтін отаншыл рухты әдебиет тұлғалары мен мәдениет қайраткерлерінің ғылыми, әдеби мұраларын жариялау, шығармашылық және қоғамдық қызметін зерттеу — әдебиеттанудың тұтас тарихын жаңаша қарастыру, сол арқылы таным үрдісіне күштеп танылған қате теориялардан арылу міндеттерін

жүктеді. Сондықтан да қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудегі маркстік-лениндік ілімдегі қателіктерден түбегейлі арылу, әдебиетіміздің толымды тарихын жасау талабы туындады. Атап айтқанда, Ш.Елеукуновтің «Мақсат үлкен, міндет зор» [«Қ.Ә», 1988, 18.III], М.Қаратаевтың «Туған әдебиетіміздің толымды тарихын жасайық» [«Қ.Ә», 1988, 2.IX], Т.Кәкішевтің «Қағидаға айналған қателер түзелсе» [«Жұлдыз», 1988, № 11], С.Қирабаевтың «Қайта құру және әдебиеттану» [«Қ.Ә», 1989, 18.VIII], Р.Нұрғалиевтың «Әдебиет тарихы мен теориясының өзекті арналары» [«Қазақстан мектебі», 1990, № 6] проблемалық мақалаларында қазақ әдебиетінің ғылыми жүйеге келтірілген тарихын жасау мәселелері көтерілді.

1989 жылдың 14 желтоқсанында Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің мәселелері» тақырыбында өткен ғылыми-теориялық конференция мақсаты да әдебиеттанудың келелі мәселелерін байыпты қарастырудан туындады. Ш.Сәтбаеваның «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мәселелері», М.Қаратаевтың «Шәкәрім Құдайбердиев және XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті», З.Ахметовтың «XX ғасырдың басындағы әдеби процесс және теориялық-методологиялық мәселелер», Ш.Елеукуновтың «Батыс-шығыс әдеби тоғысуы проблемасы және Мағжан Жұмабаев», Ж.Ысмағұловтың «А.Байтұрсынов пен М.Дулатов творчествосындағы идеялық-көркемдік ізденістер» баяндамаларында XX ғасыр басындағы ұлт әдебиеті тарихын кешенді зерттеудің басты міндеттері айқындалды. Мәселен, З.Ахметов Алаш арыстары мұрасының ақталуы әдебиеттануда ғасыр басындағы әдеби үрдісті қарастырудың әдістемелік негіздерін түбірлі қайта қарау, сан жылдар бойы үстем болып келген қасаң қағидалардан арылу, көркемдік дамуды тарихи сабақтастық тұрғысынан саралау талабының туындап отырғанын: «Своеобразие казахского литературного процесса начала XX в. можно понять лишь в том случае, если рассматривать литературу в неразрывной связи с историческим развитием общества, важнейшими социальными событиями предреволюционных лет» деп түйді [6], — Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов туындыларын арқау еткен Ж.Ысмағұлов қос тұлғаның ағартушылық қызметтерінің ерекшеліктері ел азаттығын көздеген қайраткерліктерімен біте қайнасканын, соған сай шығармашылықтарында елдік пен ерлік дәстүрін жаңа заманға орай түрлендіргенін зерделеді. Мағжан поэзиясындағы Батыс, Шығыс әдебиетінің көркемдік-эстетикалық көрінісін, әлемдік классикалық поэзиямен типологиялық байланысын талдаған Ш.Елеукунов ақынның жаңашылдық қырларына тән негізгі сипаттарды екшеп, «Абай үлгі алған батыс, орыс ақындарының қатарына ол Фет, Бальмонт, Мережковский, Брюсов, Блок сынды өз заманының поэзия дүлділерін қосты» [7] деген пікір білдірді. Конференцияда «Қазақ» газетінің қоғамдық және рухани өмірдегі маңызын қарастырған М.Жармұхамедов, Ү.Субханбердина баяндамалары және жарыссөзде сөз алған Т.Кәкішев, С.Қасқабасов пікірлерінің де өзегі әдебиеттанудың келелі мәселелерінде қордаланған ғылыми проблемаларының түйіндерін шешудің бағыт-бағдарын айқындау болды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы сынды әдебиет классиктерінің әр жанрдағы туындыларының, ғылыми зерттеулерінің жариялануы қоғамдық санада көркемдік танымның жаңа сипаттағы әдеби-эстетикалық тұғырының орнығуына соны тыныс дарытты. Сондықтан проблемалық және танымдық сипаттағы мақалаларда Алаш ұранды әдебиеттің көркемдік дамудағы бағыт-бағдарының мәнін, ұлттық ерекшелігінің болмыс-бітімін таныту, әдебиет тарихындағы орынын айқындау басты орынға қойылды.

Шәкәрімтанудағы Е.Бөкетовтың А.Қарасартовтан магнитофон таспасына жазып алған (1978, 20.IV) «Білмедім Шәкәрімді кім атқанын...» [«Қ.Ә», 1989, 10, 17,24.II] атты әңгіме-диалогы, Х.Ерғалиевтің «Біз білеміз ақынды кім атқанын» [«Қ.Ә», 1989, 28. IV], Н.Жанділдиннің «Шәкәрімді кім атты? Не үшін атты?» [«Қ.Ә», 1989, 9. VI], Б.Сапаралиннің «Көкек өз атын шақырады» [«Арай», 1989, № 6], З.Ақышевтің «Шәкәрім қалай атылды?» [«Өркен», 1990, 27.I], Ж.Балғабаевтың «Дос болып қас болғаннан сақта құдай, немесе Тағы Шәкәрім тағдыры туралы» [«Жұлдыз», 1990, № 12] мақалалары ақын қазасының шындығын ашуды дйттеуімен, Ахат Шәкәрімұлының «Менің әкем, халық ұлы Шәкәрім» [«Жұлдыз», 1988, № 11], Кәмила Қапарқызының «Жаралы жүрек жазылмай» [«Жұлдыз», 1991, № 4] атты естеліктері ақын өмірінің беймәлім қырларына қатысты тың деректерді қамтудағы маңызы зор болды. Ал, Ш.Құдайбердіұлы шығармашылық тұлғасының күрделі әлемі Қ.Мұхаметханов, М.Мағауин, Р.Нұрғалиев, М.Базарбаев, Р.Бердібаев, Ш.Сәтбаева, Х.Сүйіншәлиев, М.Жармұхамедов, Ү.Субханбердина, З.Жұмағалиев, Х.Матаев, Қ.Жүсіпов, Б.Әбдіғазиев, Т.Жұртбаев, Р.Сейсенбаев, Б.Байғалиев, Б.Сапаралиннің ғылыми және танымдық мақалаларында қарастырылды.

Оларда ақын мұрасын зерттеуде атқарылар істердің бағыт-бағдары айқындалып, шәкәрімтану абайтану, мұхтартану ілімдерімен бірлікте байыпталды. Мысалы, Қ.Мұхаметқанов «Біздің міндет» [«Қ.Ә», 1988, 24. VI], «Шәкәрім ақынның тағдыры мен творчествосы жайлы» [«Қ.Ә», 1988, 15.IV], «Шәкәрімнің шежіресі» [«Қ.Ә», 1989, 14.VII], «Кұдай» деген сөзден құдай сақта» [«Қ.Ә», 1989, 17.III] мақалаларында «Шәкәрім Кұдайбердіұлы қазақ әдебиеті тарихында өзінің орнын алуы керек, шығармалар жинағы шығарылуы керек. Ақынның ғылыми өмірбаяны мен мұрасы жан-жақты терең зерттеліп жазылуы керек» [8], «Шәкәрім шежіресі қазақ тарихы үшін ешқашан маңызын жоймайтын еңбек. Өйткені Шәкәрім шежіресі Абайдың патриоттық идеясынан туған» деп түсіндірді. Ал, «Кұдай» деген сөзден құдай сақтасын» мақаласында Шәкәрім шығармалары (өлеңдер, дастандар, қара сөздер) (1988) мен «Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар (1988) кітаптары ақынның бұрын басылған кітаптарынан және Ахат қолжазбаларынан алынғанын, алайда аталған жинақтар сөз зергерінің толық жинақ еместігін ескертіп, шығармаларын жариялауда орын алған текстологиялық ақаулықтар, алынып тасталған өлең жолдарына орай сын ескертпелерімен ой бөлісті. Ақын мұрасын мүлтіксіз жариялап, кіршіксіз жеткізу барша әдебиетшілердің борышы деген талап қойды [«Қ.Ә», 1989, 17.III].

Б.Әбдіғазиевтің «Шәкәрім шындығы» [«Зерде», 1989, № 11], «Талғамды өлең, терең ой» [«Қазақ ССР ҒА хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы», 1991, № 3], Т.Жұртбаевтың «Ақ бостандық туғызған азаматтар» [«Жұлдыз», 1988, № 11] мақаласында «Әділ мен Мария» романының психологиялық шиеленіс пен философиялық иірімдер мақалаларында поэзиясының көркемдік нәрі, ақындық мұратының эстетикалық тұғыры айқындалды.

М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, А.Кұдайбердиевтер құрастыруымен, Ә.Тәжібаев, Ш.Сәтбаева алғы сөзімен шығармалар (1988), М.Мағауин құрастыруымен «Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар» (1988), Т.Бекхожина құрастыруымен «Аманат: Әндер» (1989), Х.Сүйіншәлиев құрастыруымен өлеңдері мен поэмалар (1990) жинақтары жарық көрді. Сондай-ақ М.Мырзахметов алғы сөзімен «Үш анық» (1991), «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» (1991) атты еңбектері жарияланды. Шәкәрім шығармашығын арнайы зерттеген Б.Әбдіғазиевтің «Шәкәрім Кұдайбердиев. Творчестволық өмірбаяны» (1989), Ш.Сәтбаеваның «Шәкәрім Кұдайбердиев» (1990) еңбегі жарық көріп, Б.Әбдіғазиев «Абай дәстүрлері және Шәкәрім Кұдайбердиев поэзиясы» (1990) тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Бес арыс өмірі мен шығармашылығы алғаш рет жүйелі қарастырылған Ш.Елеуеновтің қазақ және орыс тілдеріндегі «Жаңа жолдан» (1989) зерттеуі жарияланды. Ә.Дербісалиннің «Әдебиет туралы толғаныстар» кітабында «Шәкәрімнің поэмалары» атты мақаласы берілді.

Алаш арыстарының шығармашылық тұлғасын сомдау, ұлттық сөз өнерінің тарихындағы қайталанбас суреткерлік және азаматтық қырларын негіздеу А.Байтұрсыновтың сан салалы ғылыми және әдеби мұрасын зерттеуде жаңаша сипат алды. Атап айтқанда, Ә.Шәріпов, С.Дәуітов құрастыруымен шығармалар жинағы (1989), Р.Нұрғалиев алғы сөзі, құрастыруымен «Ақ жол» (1991) кітабы басылса, ахметтануда Р.Сыздықованың «Ахмет Байтұрсынов» (1990), Р.Нұрғалиевтің «Ахмет Байтұрсынов» (1991) кітапшалары жарық көрді. 1990 жылы шілде айында А.Байтұрсыновтың шығармашылығына арналған ғылыми конференция өтіп, С.Қирабаев, Р.Сыздықова, З.Қабдолов, Ж.Ысмағұлов баяндама жасады.

А.Байтұрсынов шығармашылығы, әдеби мұрасы Р.Нұрғалиев, Ш.Сәтбаева, С.Қирабаев, Ж.Ысмағұлов, Ж.Бектұров, Ғ.Ахмедов, З.Ақышев, Т.Қордабаев, Р.Сыздықова, Ә.Қайдаров, Д.Досжанов, М.Бурабаев, А.Мектепов, Ғ.Әнесов, Б.Қойшыбаев, Б.Байғалиев, С.Негимов мақалаларының арқауын құрады. Мысалы, Р.Нұрғалиев «Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат болар еді» [9] деген сындарлы пікір білдіріп, алып тұлғаның қоғамдық қызметін, әдеби мұрасы, ғылыми зерттеулерінің ұлттық әдебиеттанудағы құндылығын қарастырды. С.Қирабаев А.Байтұрсынов поэзиясының әлеуметтік қуатты күшін, көркемдік танымға тигізген ықпалын дәстүр мен жалғастық тұрғысынан: «Ахмет «Масасы» талай елді оятты. Алдымен, ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар ұстаз ағасының ісін жалғастырып алып кетті» [10] деп бағалады.

XX ғасыр басындағы ұлт әдебиетінің бірегей өкілі Ж.Аймауытовтың сан қырлы шығармашылығы Б.Кенжебаевтың «Телегей теңіз», М.Қаратаев, М.Қозыбаевтың «Қабырғалы қаламгер», С.Қирабаевтың «Қуатты қалам, күрделі тағдыр», «Жүсіпбек Аймауытов», Ә.Жиреншиннің «Жүсіпбек Аймауытов», Т.Қожакеевтің «Замана түзелер деумен жүрмін», «Ұстаздық еткен жалықпас», Р.Нұрғалидың «Сегіз қырлы, бір сырлы», М.Атымұтовтың «Елі үшін

күйген...», Б.Байғалиевтің «Жүсіпбек Аймауытов», «Аймауытовтың әдеби бүркеншік есімдері», Қ.Керейқұловтың «Ағысы күшті бір арна», Д.Ысқақовтың «Ақбілек» әлемі», З.Ақышевтің «Жүсіпбек және оның «Қартқожасы», Б.Майтановтың «Ақбілек» — психологиялық роман», Б.Құндақбаевтың «Театр өнеріне арналған тағдыр. Жүсіпбек Аймауытов драматургиясы туралы», Д.Әбілевтің «Жүсіпбек аға», Г.Бельгердің «Ж.Аймауытов айшықтары», Р.Тұрысбековтың «Аймауытов әлемі, немесе Жазушының ұзақ шығармашылық жолына қысқа шолу» мақалаларында қарастырылды. С.Қирабаевтың алғы сөзі, М.Атым, Қ.Керейқұлов құрастыруы, Р.Тұрысбеков түсініктерімен Ж.Аймауытовтың Шығармалар жинағы (1989), ал Пьесалар жинағы Б.Құндақбаев құрастыруымен (1990) жарық көрді.

Шығармалар жинағына С.Қирабаев жазған «Жүсіпбек Аймауытов» атты алғы сөзінде «Бір кездерде «ұлтшылдық» әдебиеттің өкілдері саналып келген бұл қайраткерлердің қоғамдық, творчестволық еңбегі шынында да түгелдей қазақ халқының ұлттық мүдделерімен байланыста өтті» деп отаршылдық қысымдағы халық санасын ояту жолындағы әдеби және қоғамдық қызметтерінің ағартушылық идеямен тығыз байланысты шығармашылық тұлғаларын айқындады. Сан қырлы дарынның проза, драматургия жанрындағы әдеби мұрасының тұтас қазақ сөз өнеріндегі классикалық сипатын талдады. Сондай-ақ ғалымның Жүсіпбек шығармашылығына арналған «Жүсіпбек Аймауытов» (1990) кітапшасы басылды.

Мағжан мұрасы, шығармашылығы Б.Кенжебаевтың «Ұстаз», Ш.Елеуқеновтың «Мағжан», «Мағжанның алғашқы сотталуы», «Мағжанның ақырғы сотталуы», «Абай мен Мағжан», «Мағжан шығармаларындағы психологизм», «Мағжан мен Мұхтар», «Батыс-Шығыс әдеби тоғысуы проблемасы және Мағжан Жұмабаев», Р.Нұрғалиевтің «Мөлдір сезім, биік парасат», Ж.Бектұровтың «Батыр Баян», «Мағжанның мұраларынан», Р.Бердібаевтың «Ақын тағдыры», Қ.Мәшһүр-Жүсіповтің «Мағжанның шеберлігі», Д.Ысқақовтың «Мағжанды қапсақа қамаған сын», Ғ.Қаһарманұлының «Мағжан поэзиясы жайлы», Б.Қанарбаеваның «Асыл мұра жайын ойласақ...», М.Әлімбаевтың «Мағжанды оқығанда» (эссе), Б.Дәрімбетовтың «Жүрегі таза, ойы азат», С.Негимовтың «Өлеңім менің Шолпаным, Айым, Күнім», Ғ.Қайырбековтың «Мағжан туралы ой», М.Базарбаевтың «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған...», Ө.Күмісбаевтың «Мағжан және әлем әдебиеті», Х.Абдуллиннің «Сұм өмір абақты ғой саналыға...» мақалаларында қарастырылды. Х.Абдуллиннің құрастыруымен шығармалар жинағы (1989), Ш.Елеуқеновтің «Мағжан Жұмабаев» кітапшасы (1990), әдебиет пәні бойынша 11 сыныпқа арналған қосымша оқу құралы (1991) шықты.

XX ғасыр басындағы отарлық езгідегі қазақтың ояну ұранын ту етіп көтерген және де қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман авторы Міржақып Дулатов шығармашылығын зерттеудің де арнасы жаңа белеске көтерілді. М.Әбсеметов құрастыруымен «Оян, қазақ» өлеңдер жинағы (1991), М.Әбсеметов, Г.Дулатовалар құрастыруы, Ж.Ысмағұлов алғы сөзімен Шығармалары (1991) жарық көрді. М.Әбсеметов «М.Дулатов шығармашылығы және XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи-әдеби процесс» (1991) тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Б.Кенжебаевтың «Мірдің оғындай», Қ.Мұхаметхановтың «Міржақып Дулатов», Р.Нұрғалидың «Алаш» деп ұран салған», Ө.Тәжібаевтың «Халық деп соққан жүрегі», Ш.Елеуқеновтің «Тұңғыш романист», Ж.Ысмағұловтың «Міржақып Дулатов туралы сөз», «А.Байтұрсынов пен М.Дулатов творчествосындағы идеялық-көркемдік ізденістер», С.Мақырұлының «Міржақып Дулатов шығармашылығы», А.Мектеповтың «Халқын оятқан қаламгер», З.Бисенғалиевтің «Бақытсыз Жамал» тағдыры», «Бақытсыз Жамал» романының көркемдік жүйесі», М.Әбсеметовтың «Ақынның азаматтық ажары, немесе «Оян, қазақ!» авторы хақында бірер сөз», «Азамат ақын», А.Тасымбековтың «Міржақып Дулатов», Р.Батырбекованың «Материалы о казахской литературе в трудах по востоковедению, издаваемых Лазеревским институтом восточных языков» мақалалары, Г.Дулатованың «Ардақтап өтем әкемді», «Аманат» естеліктері М.Дулатов мұрасын, шығармашылығын тануда үлкен мәнге ие.

Алаш арыстарының әдеби мұрасын, шығармашылығын қарастырған мақалалар олардың азаматтық және қаламгерлік мақсаты қашан да ұлттық мұратпен тамырласып жатқанын тарихы шындық тұрғысынан ғылыми негізді бағалауымен құнды. Ол XX ғасыр басындағы Алаш ұранды ұлт әдебиетінің даму белестерін тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастыруға, көркемдік ұласудың дәстүрлік негіздерін айқындауға мүмкіндік берді.

М.Жармұхамедовтың «Қазақ» газеті» [«Қ.Ә», 1989, 8.IX], А.Сармурзин, М.Қойгелдиевтің «Халықтың жарық жұлдызы «Қазақ» газетінің шығу тарихынан» [«Жұлдыз», 1990, № 9], Ү.Субханбердинаның «Айқап» туралы ақиқат» [«Зерде», 1991, № 11] мақалаларында Алаш

арыстарының атқарған сан салалы қоғамдық қызметі ұлттық басылым ісін жандандыру, көсемсөздері негізінде байыпталды. «Әлем» альманахында Шортанбай, Мұрат, Албан Асан, Әбубәкір Кердері, Күдері Қожа, Шәкәрімнің «Үш анық», А.Байтұрсыновтың «Оқу жайы. Қазаққа ашық хат», М.Жұмабаевтың «Бала» аудармасы, Ж.Аймауытовтың «Рәбиға», М.Дулатовтың «Қазақ. Қырғыздың аты, тегі туралы» атты әдеби, ғылыми мұралары қамтылды. Ал «Мұра» жинағында Ә.Марғұланнның «Шоқан туралы естеліктер (1957 жылғы дәптерден)», С.Өтениязовтың «Шоқанның Қашқар сапарындағы серіктері», Н.Савичевтің «Исатай Тайманов», Қ.Токмырзиннің «Дастан кейіпкерлерінің ұрпақтары қайда?», Р.Отарбаевтың «Мұхамбет-Салық Бабажанов», С.Ақатаевтың «Ер Жалаңтөс кешегі», Бабаш Әбілқасымовтың «Түркістан уәлаяты газеті» мақалалары берілді.

Алаш қозғалысы, Алаш зиялылары тағдыр-талайы Т.Кәкішевтің «Қағидаға айналған қателер түзетілсе», «Қияс қисындар қияметі», «Қазақ зиялыларының тағдыр-талайы туралы», «Алашты аумағымен көрсетсек», «Ақыл-парасатқа азаттық», Т.Жұртбаевтың «Шырмалған шындық, немесе Бір тергеудің тарихы», М.Қойгелдиевтің «Қуандым түнде жүріп, күн шығар деп...», Ғ.Ахмедовтің «Ертеректегі қазақ зиялылары», «Алаш «Алаш» болғанда», Д.Досжановтың «Мұхтар Әуезов», «Жүсіпбек Аймауытов», «Міржақып Дулатов», «Ахмет Байтұрсыновтың істі болу тарихы», «Мағжан Жұмабаев, немесе Ажалына асыққан адам» мақалаларында сөз болды. «Алаш» партиясының программалық жобасы жарық көріп [«Қазақстан коммунисті», 1990, № 5], А.Кенжеұлының «Алаштың азаматтары. Олар кімдер еді» [«Қазақстан коммунисті», 1991, № 8] мақаласында сталинизм құрбаны болған Алаш қайраткерлерінің тізімі берілді.

Ә.Бөкейханов, С.Садуақасов, Қ.Кемеңгеров, Қ.Жұбанов, өзге де әдебиет және қоғам қайраткерлерінің тұлғасы зерделенген Қ.Мұхаметхановтың «Әлихан Бөкейханов», Р.Нұрғалиевтің «Әлихан Бөкейхановтың шығармашылық мұрасы», Б.Қойшыбаевтың «Әлихан Бөкейханов», «Қайраткер Садуақасов», «Профессор Аспандияров», «Нарком Жүргенов», М.Құлмұхамедовтың «Профессор Ермеков: көзқарас эволюциясы», Б.Дәрімбетовтің «Ағып өткен бір жұлдыз (С.Садуақасов)», Ә.Мендекеевтің «Профессор Құдайберген Жұбанов», Ғ.Әнесовтің «Қаламгерлік пен қайраткерлік», А.Ғ.Сармурзин, В.Григорьевтің «Бөкейханов және тарихи шындық», Б.Байғалиевтің «Мұхамеджан Тынышбаев», Б.Сарбалаевтың «Бес бәйтерек: (А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатовтар туралы)», Қ.Түлікөвтің «Халқымен қайта табысқан қаламгерлер (М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов)» өзге де мақалалар ұлт санаткерлерінің тарихи ерен істерін тұтастықта танудағы тарихи танымға серпін берді. М.Қойгелдиевтің «Ұзақбай Құлымбетов», Б.Қойшыбаевтың «Бақытжан Қаратаев», Б.Елкеевтің «Көлбай Тоғысов кім еді?», О.Құдышевтің «Жазықсыз жапа шеккен Жақып мырза», Н.Сансызбаевтың «Смағұл Садуақасов», Р.Сағымбековтің «Абдолла Асылбеков» мақалалары жарияланды. Өз кезегінде қазақ әдебиеттануымен қатар тоталитарлық жүйеге танылған тарих ғылымы бойынша қабылданған қаулылардың күшін жоюы да қоғамдық жаңару үрдісін еселей түсті. Бұл құжат Ә.Бөкейханов, Т.Рысқұлов, М.Шоқай, М.Тынышбаев, Б.Қаратаев, Н.Төрқұлов, С.Асфандияров, Ә.Ермеков, С.Садуақасов, Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омаров, Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов сынды тұлғалардың қоғамдық қызметін әділ бағалауға, ғылыми еңбектерін игеруге бетбұрыс жасады. Б.Қойшыбаевтың «Жазықсыз жапа шеккендер» (1990) кітабы осы бағыттағы алғашқы қадам десек, онда А.Байтұрсынов, Т.Жүргенов, С.Аспандияров, Н.Төрқұлов, С.Қожанов, С.Садуақасов туралы мақалалары берілді.

Қазақ халқының сталинизм кезеңіндегі басынан өткерген қасірет пен зұлмат жылдар шындығы, тоталитаризм құрбаны болған тұлғалары тағдыр-талайы, шығармашылықтары арқау болған «Дело № ...Летопись горького времени» (1989), «О чем не говорили» (1990), «Зауал» (1991) кітаптары жарық көрді. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихын жаңаша көзқараста зерттеудің басты құрметамырын Алаш арыстары құрай отырып, ол Ш.Бөкеев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Н.Орманбетұлы, Н.Наушабаев, М.Қалтаев, Ғ.Қараш, С.Торайғыров, Б.Күлеев сынды тұлғалардың идеология тарапынан жариялауға тыйым салынған мұрасын жарыққа шығару, шығармашылығын ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырумен ұштастырыла жүргізілді. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасынан «Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы» [«Қ.Ә», 1985, 7.VI], «Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы», «Ақ қағаз, қалам-сия келді бізге», «Ағайын», «Қалмай ма әлі-ақ бір күн Мәшһүр өліп» өлеңдері [«Қ.Ә», 1988, 30.IX], толғамдары [«Егеменді Қазақстан», 1991, 7.XII], Ж.Аймауытовтың М.Ж.Көпеевке жазған хаты [«Социалистік Қазақстан», 1990, 1.V], Нарманбеттің «Сахараға қарасак» [«Жұлдыз», 1990, № 2.], [«Қарқаралы», 1991, № 4], С.Торайғыровтың «Алаш ұраны» [«Жұлдыз», 1991, № 5] жарияланды. Сонымен қатар XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің айтулы тұлғалары

М.Сералиннің «Топжарған» (1985), А.Мұхамедияровтың «Күндер мен түндер» (1986), Ә.Найманбаевтың шығармалары (1988), С.Дөнентаевтың «Бозторғай» (1989) кітаптары шықты.

«Мәшһүр Жүсіп Көпеев» [«Қазақстан мектебі», 1990, № 2] мақаласы мен ақын мұрасын терең зерттеу мәселесін көтерген С.Дәуітовтің алғы сөзі, құрастыруы, түсініктерімен Мәшһүр Жүсіптің екі томдық (1990–91) шығармалар жинағы жарық көрді. Нарманбет Орманбетұлының ақындық тұлғасына арналған А.Туғанбаевтың «Қайта туған жұлдыз» [«Арқа еңбеккері», 1989, 16.XII], «Жұлдызды жыр» [«Жезқазған туы», 1990, 3.VII], «Нарманбет лирикасы» [«Балқаш өңірі», 1991, 10.VII], Б.Әбдіғазиевтің «Ақын болған адамдар жұрттың қамын жемей ме?» [«Социалистік Қазақстан», 1990, 10.IV], «Нарманбет ақын» [«Социалистік Қазақстан», 1990, 29.VII], С.Ақатаевтың «Сұңқардай қолдан ұшқан қиядағы» [«Халық Кеңесі», 1991, 23.VII], Р.Сағымбекұлының «Қайта жанған жұлдыз» [«Қарқаралы», 1991, № 1] мақалалары жазылды. Ш.Бөкеевтің ақындық әлемі Х.Сүйіншәлиевтің «Шәңгерей Бөкеев» мақаласында [«Жалын», 1991, № 2] жаңаша көзқараста зерделенсе, Қ.Сыдиқовтың «Тайталас тағдыр кешкен» [«Социалистік Қазақстан», 1989, 15.XII], Р.Жанғожин, С.Созақбаевтың «Қайраткер Ғұмар Қарашев» [«Қ.Ә», 1989, 29.XII], С.Ысмағұлованың «Қиын да сұлу тағдыр» [«Жалын», 1989, № 2], Б.Байғалиевтің «Тұсауы алынбаған тұлпар» [«Алматы ақшамы», 1990, 30.I], С.Созақбаевтың «Ғұмар Қарашев — ғалым-педагог» [«Қазақстан мектебі», 1991, № 10], М.Тәжімұратовтың «Біз білмейтін Ғұмар Қараш» («Ана тілі», 1991, 18.IV) мақалаларында байыпталды. Е.Ысмайыловтың ертеректе жазған «Омар Қарашев» зерттеу мақаласы қайта жарияланып [«Алматы ақшамы». 1990. 30.I], Алаш қайраткерінің мақалалары [«Жұлдыз», 1989, № 2], [«Жалын», 1989, № 2], «Аға тұлпар» өлең жинағы басылды [«Жұлдыз», 1991, № 12].

Ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің сан алуан мәселелері түрлі аспектіде қарастырылған М.Қараевтың «XX ғасыр басындағы қазақ реализмінің кейбір мәселелері» (1985), Б.Кенжебаевтың «Әдебиет белестері» (1986), Т.Кәкішевтің «Садақ» (1986), Т.Әбдірахмановтың «Таланттар тағылымы (Ағартушы ақындар жайында)» (1988), З.Бисенғалиевтің «XX ғасыр басындағы қазақ прозасы» (1989), Ә.Дербісалиннің «Әдебиет туралы толғаныстар» (1990), Т.Қожақеевтің «Жыл құстары» (1991), Б.Мамраевтың «Казахские литературные связи начала XX века» (1991) еңбектері жарық көрді.

Қорыта айтқанда, Алаш арыстарының қайта оралған әдеби мұрасын, шығармашылығын ұлттық мүддеге орайлас ғылыми негізді тану мен зерттеуде батыл қадамдар жасалды. Олардың азаматтық және қаламгерлік мақсаты қашан да елдік мұратпен тамырласып жатқан қайталанбас құбылыс десек, ұлттық әдебиеттану ізашарларының әдеби, ғылыми мұраларының қайта оралуы XX ғасыр басындағы Алаш ұранды ұлт әдебиетінің даму белестерін тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастыруға, көркемдік ұласудың дәстүрлік негіздерін айқындауға мүмкіндік берді. Әдебиеттанудың Алаштануға бетбұрыс жасауы, түптеп келгенде, ұлттың тарихи жадын жандандырды, өткеніне үңілуге, болашағын бағдарлауға түбегейлі жол ашты. Проблемалық мақалалардан бастау алған рухани үрдіс әдебиеттануда Алаш арыстары мұрасының жеке жинақ болып жариялануы, арнайы монографиялық, диссертациялық зерттеу өзегіне алынуы, оқулықтар мен бағдарламаларға ену арқылы жаңа өріске бет алды. Шәкәрімтану, ахметтану, міржақыптану, жүсіпбектану, мағжантану ілімдері әдебиеттанудың және қоғамтанудың басты да келелі өзегіне айналу үрдісіне түбегейлі қадам басты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Реабилитация: Политические процессы 30–50-х годов / Под общ. ред. А.Н.Яковлева. — М.: Политиздат, 1991. — С. 15–19.
- 2 Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде // Қазақ әдебиеті. — 1988. — 15 сәуір. — 5-б.
- 3 Қазақ ССР Прокуратурасында // Қазақ әдебиеті. — 1988. — 23 желт. — 7-б.
- 4 Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде: Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы // Қазақ әдебиеті. — 1989. — 6 қант. — 6-б.
- 5 *Міржақып (Мир-Якуб) Дулатов* // Қазақ әдебиеті. — 1989. — 28 шілде. — 10-б.
- 6 *Ахметов З.* О своеобразии казахского литературного процесса начала XX века // Известия АН Каз ССР. Сер. филол. — 1990. — № 2. — С. 30.
- 7 *Елеуқенов Ш.* Батыс-шығыс әдеби тоғысуы проблемасы және Мағжан Жұмабаев // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сер. — 1990. — № 2. — 43-б.
- 8 Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар / Құраст. Д.Әшімханов. — Алматы: Жалын, 1992. — 39-б.
- 9 *Нұрғалиев Р.* Ұлттық мәдениет мақтанышы // Қазақстан коммунисті. — 1989. — № 4. — 94-б.
- 10 *Қирабаев С.* Ахметтің ақындығы // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сер. — 1991. — № 1. — 3–10-б.

С.Б.Жумагулов, Е.Сармурзин

**Алашоведение в конце XX века
(на материалах исследований 1988–1991 годов)**

В статье рассмотрены фундаментальные изменения в казахском литературоведении конца XX века, а именно в исследовательских трудах выдающихся личностей и просветителей казахской интеллигенции Алаш. Определены и отмечены важные шаги в исследованиях литературного и научного наследия представителей данного течения. В работах нашли отражение не только исторический процесс развала советской тоталитарной системы, но и отмечены научные направления вновь перерожденного алашоведения, являющегося одним из «золотых» течений казахской литературной эпохи того времени.

S.B.Zhumagul, E.Sarmurzin

**Alash studies at the end of the XX century
(based on materials of 1988–1991 years)**

The given article examines fundamental changes in the Kazakh literature studies of the end of the XXth century, in particular, research works of outstanding people and enlighteners of the Kazakh Alash intelligentsia. Significant steps in the studies of the literary and scientific heritage of the representatives of the mentioned trend are defined and shown. Not only the historical process of the collapse of the Soviet totalitarian system is reflected in the work, but research areas of the reemerged Alash studies which is one of the «golden» streams of the Kazakh literary era of that time are pointed as well.

ӘОЖ 821.512.122

Ж.Ж.Жарылғапов, А.Б.Рахымжанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: Aizoka_jan@mail.ru)

Мифтің жазба әдебиетімен ара-қатынасы

Мақалада миф, оның жазба әдебиетіндегі қолданысы зерттелді. Мифтің жаңа дәуір әдебиетіндегі көрінісі жайындағы шетелдік ғалымдардың көзқарастары талданды. Мифтің қазіргі қазақ әдебиетінің поэтикалық құрылымындағы рөлі көрсетілді. Автор Дүкенбай Досжановтың, Тахауи Ахтановтың, Асқар Алтайдың, Б.Сарыбайдың шығармаларындағы мифтік образдар мен мифтік сюжеттерге тоқталды. Қазақ прозасындағы мифологизмнің зерттелуіндегі жаңа міндеттер анықталды.

Кілтті сөздер: мифологизм, символизм, поэтика, туағат, мифтік ізденіс, фольклор, жазба әдебиет, образ, сюжет, мифтік көрініс.

Фольклорлық санамызға берік орын тепкен, қазіргі прозада ұлттық негізбен байланыстырылатын рухани байлығымыздың бір қайнар көзі — мифтер болып табылады. Қазіргі қазақ прозасындағы миф — бұл өте таңғажайып сан қырлы құбылыс. Қазіргі таңда ежелгі мифтердің жаңа дәуір әдебиетінде қайта түрлену үрдісі байқалуда. Осыған орай мақаламыздың басты мақсаты қазіргі қазақ прозасындағы миф пен жазба әдебиетінің ара қатынасын жан-жақты ашып көрсетуге бағытталады.

Әдебиет пен мифология байланысы әлемдік әдебиеттанудың XX ғасырдағы өзекті мәселелерінің біріне айналды. Жалпы әлемдік әдебиеттануда миф жаратылысты түсінудегі, дүниені танудағы адамзаттың рухани мәдениетінің алғашқы формасы түрінде түсіндіріледі.

Әлемдік фольклорда құдайға қарсылық сарыны әр түрлі жанрда қолданылған. Бірі мифтік сананың ықпалымен эпсана жанрына негіз болып, оның үлгісі Қорқыт арқылы көрінсе, екінші түрі эпостық шығармаларда батырлар тарапынан байқалған. Үшінші — әлемдегі көп халықтың, атап